



**Қостанай облысы Арқалық қаласы жер үсті суларының Ащы-Тасты шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 476 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қазанда № 5122 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Қостанай облысы Арқалық қаласы жер үсті суларының Ащы-Тасты шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

Әкімдіктің  
2014 жылғы 25 қыркүйектегі  
№ 476 қаулысына қосымша

**Қостанай облысы Арқалық қаласы жер үсті суларының Ащы-Тасты шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймағының мөлшері						Орташа көп жылдық судың сабалық кемері
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу		
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	
			Ащы-Тасты, Ақжар өзендері м е н			Ұзындығы бойынша барынша	

Ащы-Тасты су қоймасы	Ұзындығы бойынша қашықтығы – су тартудан ағыс бойынша жоғары 200 метр және су тартудан ағыс бойынша төмен 100 метр. Ені бойынша қашықтығы – оң және сол жақ жағалауы бойынша су кемері сызығынан 100 метр	23,2 гектар	олардың салаларының жалпы қашықтығы – су тартудан ағыс бойынша жоғары 247000 метр және су тартудан ағыс бойынша төмен 250 метр. Ені бойынша қашықтығы – Ащы-Тасты, Ақжар өзендері мен олардың салаларының оң және сол жақ жағалауы бойынша су кемері сызығынан 500 метр	22000 гектар	қашықтығы – су тартудан ағыс бойынша жоғары 36750 метр және су тартудан ағыс бойынша төмен 250 метр. Ені бойынша қашықтығы – Ащы-Тасты, Ақжар өзендері мен олардың салаларының оң және сол жақ жағалауы бойынша су кемері сызығынан 3000 метр	62560 гектар	285,5 метр
----------------------	---	-------------	---	--------------	---	--------------	------------

Ескерту: санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары "Қостанай облысының Арқалық қаласын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын жер үсті суларының Ащы-Тасты су тартуының санитарлық қорғау аймағы" жобасының картографиялық материалында көрсетілген (Тапсырыс беруші - "Арқалық жылу энергетикалық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны).